

# ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті

№2 (35) ақпан 2020 жыл

Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады

## АБАЙ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ



Ғылымда қазақтардың тарихы мен мәдениеті «қазақ» этнонимінің пайда болу кезеңімен және қазақ тайпаларының бірігу дәуірімен түсіндіріледі. Алайда, оған дейін де Ұлы далада талай ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан байырғы көшпенді малшылар ұрпақтары өмір сүріп келді, олар қазақ қоғамының, оның материалдық және рухани мәдениетінің негізін қалады. Ежелгі жергілікті халықтың шөжіресінде, ауызекі аңыздарында қазақтардың этнос ретінде өзіндік идентификациялануының философиялық, психологиялық, тарихи аспектілері айқын көрініс тапқан.

Кеңестік дәуірде зерттеушілер қазақ жерінде жазу-сызудың пайда болуының алғашқы тарихи мәліметтерін XVI ғасырға жатқызып келді. Ежелгі Орхон-Енисей жазбаларына назар аударылмады, ұлтымыздың осынау жәдігерлері санадан мүлдем өшіп кете жаздады. Қазір ғалымдар қазақ жазбаларының туу арналары «Күлтегін», «Тонкөк» ескерткіштеріне (VI-VII ғғ.) қашалып жазылған Орхон жазуларында жатқанын дәлелдеп отыр.

XVIII-XIX ғасырларда Орыс империясының қазақ даласын отарлау саясаты кең құлаш жайды. Бұл жөнінде кезінде жазған шетелдік ғалымдардың зерттеулері назар аударды.

Ресей империясының отарында болып өзге халықтармен, бірінші кезекте орыс халқымен байланыстың күшеюі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне өзгерістер әкеле бастады. Бұл қазақ халқының ұлттық сипаты мен мәдениетінің эволюциялық дамуына әсер етті.

Қазақ демократиялық публицистикасының дамуы мен қалыптасуында қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың шығармашылығы асқар шынға айналды. Данышпан ақын әрі ұлы ойшыл Абай «өз халқының рухани көзі» болып, онымен бірге ойлап, сезіне білді.

Ол араб, парсы, орыс тілдерінің білгірі ретінде туған халқының тағдырын өзге әлеммен салыстыра отырып, ой елегінен өткізді.

Абай өмір сүрген кезеңнің күрделілігі мен қарама-қайшылықтары оның әлеуметтік-философиялық ой-толғамдары мен ізденістерінің айқындалуына болды. Ол қоғамдық және адамгершілік проблемаларды негізге ала отырып, өз халқын қазақтарды өнегелі даму жолына шақырды. Абай ұлттық әсіреқызылдыққа, руаралық талас-тартысқа қарсы тұрды, халқын ғылым-білім жолына үндеді, өзге жұртты келекелеуден

сақтандырды, олардың жақсы қасиеттерін үйреніп, бойға сіңіруге бастады.

Халықтардың азаттығы мен достығының жыршысы атанған Абай күллі Шығыстың шоқтығы биік тұлғасына айналды. Шығыс поэзиясының аса білгірі әрі нәзік сезіммен бағалаушысы болып табылатын Абай қазақ халқының көпғасырлық мәдениетінен ең асылдарын ғана теріп, оны орыс және батыс еуропалық өркениет үлгілерімен байытты.

Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын Абайдың мол мұрасының ішінде моральдық-философиялық және қоғамдық-саяси ой толғаулары болып табылатын «Қара сөздері» маңызды орын алады. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Шығарманың стилистикалық мұқият өңделуі, бейнелі тілі, ақынның ағынан жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынысы, кеменгерлігі «Қара сөзді» адамзат тарихындағы ғаламат әдеби ескерткіштерінің қатарына қойып отыр.

Абайдың «Қара сөзіндегі» жан-жүрегінің жарып шыққан бірқатар ой толғауларынан үзінділер келтіре кетейік:

### Үшінші сөз

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілегін бірі тілемейтұғының, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?

...билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есімханның «Екі жолы», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кенес» болғанда «Жеті жарғысының» билек керек (8, 12-беттер).

### Төртінші сөз

...Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға

сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сағ, еңбек қылсаң, қара жер де берелі, құр тастамайды (14-15-беттер).

### Бесінші сөз

...Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе онымен жауласпақ екен, егер малды болса, өкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайысы болса да қылып мал тапса, жазалы демесек керек екен (15-16-беттер).

### Оныншы сөз

...Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа еш нәрсе бойында қалмайды.

Барында байымы деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады (25-бет).

### Он төртінші сөз

...Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаудың жоқтығынан азады.

...Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын ашып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады (30-бет).

### Жиырма төртінші сөз

Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды.

Бір-бірімізді аңдып, ұрлап, кіркіп қактырмай отырғанымыз (43-бет).

### Жиырма алтыншы сөз

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгенен озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады.

Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артылғанына, я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар?



### БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



## ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК ұйымдастыруымен Түркістан балалар мен жасөспірімдер орталығында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Айтулы шараға әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейдолла Садықов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сапарбек Ерғөбек, Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарқынбек Құлбайымбетов, ақын, сазгер Әбдікерім Манапов, айтыскер, ақын Бекарыс Шойбеков, Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері – Пернетай Досыбеков, Амангелді Аманбаев, Мырзан Ханділлаев, Шора Исмолаев, Елбасының Украинадағы бірге оқыған курстасы Әсетулла Каримов, Өтеп Қуанышбаев, Денсаулық сақтау саласының үздігі Кеңесбек Марсалиев және мектеп оқушылары мен қорық-музей ұжымы қатысты.

Жиынға қатысушылар мақалада айтылған мәселелер жөнінде келелі ойларын ортаға салып, тұшымды пікірлерін білдірді. Дөңгелек үстел аясында қорық-музей қорынан «Ұлы дала елінің заңғары – Абай ақын» тақырыбында фото, кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Көрмеге ұлы ақынның артында қалған мол мұралары мен қорық-музей қорында сақталған фотосуреттері, қара сөздері қойылды. Басқосу балалар мен жасөспірімдер орталығы ұйымдастырған «Қазақтың ұлы ақыны» әдеби-сазды кешке ұласты. Жас өнерпаздар ғұламаның қара сөздері мен өлеңдерін оқып, әндерін шырақды.



### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ҚОЛА  
ЛАУХАЛЫ ТУ



ЯСАУИ ЖӘНЕ  
ТҮРКІ ӘЛЕМІ



ЖАҒАНДАНУ  
ҮРДІСІНІҢ ҚАЗАҚ  
ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ



### БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

## АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ – ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ

Алтын Орданың 750 жылдығы аясында Түркістан қаласындағы №24,14,19 жалпы орта мектептерінде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК қызметкерлері Д.Арынова «Алтын Орданың құрылуы мен гүлденуі», Т.Оразов «Алтын Орда мемлекеті – ұлы дала өркениеті», А.Үркімбаева «Алтын Орда тарихы» тақырыбында кітап және сурет көрмесін өткізіп, арнайы дәрістер оқыды.

Аталған іс-шараға мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқушылары қатысты. Басқосу аясында оқушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, қызықты пікірталасқа ұласты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек», «Біз Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек. Аса маңызды миссия: бүкіл әлемнің назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру» деп атап өткені белгілі.



Осы орайда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ұжымы да түркістандық

оқушыларға тарихи-танымдық насихат жұмыстарын жүргізуді бастап кетті.



## БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



## ҚОЛА ЛАУХАЛЫ ТУ

Түркістан қаласы Әмір Темір атындағы №3 жалпы орта мектебінде «Қола лаухалы ту» көрме-дәрісі өтті. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің экскурсоводы Гауһар Жүзбаева жүргізген тарихи-танымдық дәріс барысында ортағасырлық тарихи құнды мұрағаттардың бірі – Әмір Темір дәуірінен сақталған лаухалы ту жайлы толыққанды мәліметтер берілді.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорындағы тудың сабы ағаштан жасалынып, жасыл түсті бояумен боялған. Оның ұзындығы 8 метрге жуық, лаухасы, яғни ұшы қоладан құйылған. Биіктігі – 98 см, салмағы 5 келіні құрайды.

«Лауха» сөзі – жазу жазылған тақташа мағынасын береді. Лауханың құйылуы мен оюларынан, өрнектеліп жазылған араб, парсы жазуларынан кесенедегі ортағасырлық қола бұйымдардың құйылу технологиясына тән ортақ тақырыптық, идеялық, символдық біртұтастықты, ұқсастықты аңғаруға болады. Лауханың мойындығының құрылымдық пішімінде шырағданмен ұқсастық айқын көріне, сүйірленген жапыраққа ұқсас негізгі бөлігінің пішіні және ошқар мүйіз оюларымен аяқталуы есік алқасы мен Тайқазанның тұтқасына ұқсайды. Лауханың басындағы үлкен оюмен ұштасқан ұзын ұштарының ортасында екі жағынан бірдей оқылатындай етіп «Алла» сөзі ойылып жазылған.

Осы «Алла» сөзін жиектеген екі қошқар мүйіз оюдың ұзын ұштықтарының А бетіне «қалима шәхадат» пен Алла тағаланың есімі жазылған. Лауханың ұшындағы қошқар мүйіз оюдың екі жаққа шырылған ұштарының екі бетінде төрт халифаның аттары жазылған.

А бетінде: Әбубәкір Сыдық, Омар Фарук.

Б бетінде: Осман Аффан, Әли әл-Мұртаза.

Негізгі бөліктің ортасынан симметриялы түрде екіге бөліп, екі бетінен де оқуға болатындай ойылып, өсімдік тектес өрнекпен әшекейленіп сулқ қолтаңбасымен былай деп жазылған: «қазақ тіліндегі мағынасы» – Мұхаммед, Әли Алланың нығметі!

Дүниеге шапағатшы әрі ілімнің кені, қаласы болып келген Пайғамбар мен сол ілімнің қақпасы – Әзірет Әліні Құдайдың берген нығметі деп түсіндіреді. Сонымен қатар бұл жазуды ілімнің өскелең рухын, шапағат етер нұрын паш етіп, екі дүниеде де бақытқа бастар қасиетіне ишаралайтындай өсімдік тектес өрнекпен айшықтап, екі жақтан оқылатындай ойып жазылған ашық көрінісімен айқындап, симметриялық үйлесіммен бейнелейді. Негізгі бөліктің ұштала біріккен жалпақ жиектерінің А бетінде: (қазақ тіліндегі мағынасы):

Иә, Алла! Мұхаммед Мұстафаға, Әли әл-Мұртазаға және Хасан әл-Мұжтабаға, Кербалада шейіт болған Хусайнға, Әли Зайн әл-Абидинге, Мұхаммед әл-Бақырға, Жағһпар әс-Садыққа, Мұса әл-Қазымға, Әли әр-Ризаға, Мұхаммед әт-Такиға, Әли ән (Накиға), әл-Жауад Хасан әл-Аскариге, Мұхаммед әл-Махдиге игілік бер! Және нәбилердің ең соңғысы әрі пайғамбарлардың басшысы, барлық әлемді жаратқан Алланың елшісі Мұхаммедке игілік болсын!

Пайғамбар әулеттерінің есімдері Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбар мен Әзірет Әлі есімдері айшықталған негізгі өрнекті көмкере жиектей жазылған. Оларды құрметтеу, үлгі-өнеге тұту, ғибратты өмір мен істерін насихаттап жыр, хикметке қосып халыққа жеткізу, оларға салауат жолдап, дұға тілеу дәстүрімізде үзілмей жалғастық тапқан, бүгінге жеткен игілікті салтымыз.

Лауханың негізгі бөлігінің Б бетіндегі оң жақтаудағы жазу: парсы тілінде қазақша мағынасы: «... Бұл әлемдегі шайхылардың басшысы, хазрат Хақтың (Алла тағаланың) досы, алауи (Әзірет Әліден тараған ұрпақ) Шайх Ахмет Ясауиді ханақасының тәуі»,

Ту ұшының ағаш сапқа бекітілген мойындығында кесенедегі шырағданлардың жазуларына ұқсас араб жазуы бар. Олар өсімдік тектес оюмен өрнектеліп, 18 см ұзындықта сулқ қолтаңбасымен бедерленген. Ол жерде «Құрметті сұлтан, патша, ғалым, сөзіне ісі сай, әділетті Әмір Темір Көреген» деген жазу бар.

## ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ – ҰЛЫ АБАЙЫ

Түркістан қаласы, Абай атындағы №31 жалпы орта мектебінде «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты мәдени-танымдық шара өтті.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, ұйымдастырған жиынға мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысты.

Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай өткізілген мәдени шарада ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын дәріптейтін суреттер мен кітаптар көрмесі таныстырылды. Сондай-ақ оқушылар ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айтудан сынға түсіп, әндерін орындады.

Шараны ұйымдастыруға белсене атсалысқан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің экскурсоводы Ардақ Бейсенова рухани тәлімі мол, тарихи құндылықтарды терең танытып, ұрпақ бойына сіңіруге арналған бастамалардың тәрбиелік маңызы да зор екенін жеткізді.



Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырса екен демек (47-бет).

## Отыз жетінші сөз

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

5. Әкесінің баласы – дұспаны. Адамның баласы – бауыры.

16. Биік мансап – биік жартаc, ерінбей еңбектеп жылдан да шығады. Екпіндеп, ұшып қыран да шығады.

18. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан кара артық; сақалын сатқан көрден, еңбегін сатқан бала артық (69-71-беттер).

## Отыз сегізінші сөз

...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соған қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – зальымдық деп білесің (97-98-беттер).

Ұлы Абайдың ақындық, публицистикалық мұрасы, әдеби афоризмдері мен этюдтері қазақ ұлтының қалыптасуы мен өзіндік идентификациялануы процесінде баға жеткізгісіз рөл атқарды.

Осы орайда жекелеген ұлы тұлғалардың өзге халықтарға өз ұлтын мойындатудағы ықпал-әсерін теріске шығаруға болмайды. Тұтас халықтың қабілеті мен талантына жекелеген ұлыларға қарай баға беріліп жататынына ешкім де дауласа алмайды.

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс, – деп жазады «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы – Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың – Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана».

Данышпан Абай шығармаларында туған халқын адамзат көшінен қалып қоймауға, биік асуларға бет алуға, өсіп-өркендеуге шақырды. Мұның негізі білім мен ғылымда жатқанына айрықша мән берді. «Ғылым таппай мақтанба» деп, тереннен толғады. Қазақтың ұлы перзенті өзінің «Қара сөздерінде» «...Құлайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десек – оқат, мал аяма!» (жырма бесінші сөз) дей келе, «Ғылымды үйренгенде, ақиқатты білу мақсатымен үйрену керек, білімді біреумен керісіп, біреуді күндеу үшін пайдаланба. Білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттен. ...Адамның білім-ғылымды көбейтуге екі қаруы бар, бірінші – ойласу, пікір алысу, екінші – барлық күшті жұмсау, алған білімін сақтау, қорғау», деп, ұлағатты өсиет айтады. Абайдың осы айтқандары қазір де аса маңызды болып табылады.

Данышпан Абай «Толық адам» жөніндегі көзқарасы арқылы жастарды шынайы адамгершілігі мол, терең білімді, мәдениетті, сыпайы, адамдық асыл қасиеттерді бойына сіңіре білген азамат ретінде көргісі келеді және осы қасиеттерді талап етеді. Кезінде Қазақ елінің болашағына қиядан көз тастап, болжай білген ұлы Абайдың көзқарасы мен талабы егемендік дәуіріне қадам басқан ұлтымның жарқын болашаққа бастайтын жарық жұлдыз екеніне ешқандай да күмән жоқ. Осы тұрғыдан келгенде шәкірт тәрбиесімен айналысатын ұстаздар қауымының жауапкершілік деңгейі айқындала түседі. Кез келген шәкірттің күні ертең-ақ маман болатынына риясыз сенсе отырып, олардың бойына алдымен адамгершілік рухын сіңіруді мұрат тұту басты ұстаным болуы тиіс. Иә, ең бастысы – Адам, нағыз Адам болу. Жан дүниенің қасиетті құндылықтары – Адамгершілік, Имандылық, Мейірім һәм Шапағат болса керек. Абай айтқан «Толық адам» концепциясының асыл қырларын терең ұғына білсек нұр үстіне нұр.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы елімізде зор сілкініс туғызып отыр.

Ұлы Абайдың мерейтойына дайындық қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін

## АБАЙ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ



беретін іс-шара ретінде бағалануда. Президент мақаласында ғұлама ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпестей із қалдырған ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тапқанын баяндай отырып, ұлы далада Абай әлемі деген бірегей құбылыстың орынды бағаланғанына назар аударады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мақала авторы ретінде Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағалым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскісі келеді.

Терең мазмұнымен оқырманын баурап алатын бұл еңбек «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» және «Торқалы тойдың тағалымы» деген тақырыпшарлармен берілген. Президенттің әр тақырыпша төңірегінде ортаға салған ой-пікірлері данышпан Абай мұралары мен өсиеттерінің мән-мағынасын барынша аша түскен.

Мемлекет басшысы мақаласының «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» тақырыпшасымен берілген бөлімінде Абай әлеміне тереңдей түсіп, бірқатар өзекті ойларын ортаға салады. «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?» деген сұрақ тұяндайды, – дейді Президент. – Ғұлама Абай – қазақ топтырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемелгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымның да мәрейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс.

...Шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін айтатындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «қазақ халқы – Абайдың халқы» деп, бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Президент Қ.Тоқаевтың бұл идеясы қазірден бастап жүзеге аса бастады. Бұған бауырлас Түркия жазушысы, Еуразия Жазушылар одағының басшысы Якуп Өмероғлуның «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған мақаласында айтылған ой-пікірлер айқын дәлел.

«Абайдың ақылы, қоғамды ағарту, кеңес беруі тек қазақ халқы үшін жазылмаған, – дейді жазушы. – Ол бүкіл түркі әлеміне жол көрсететін тұлға десек артық айтқандық емес. Хакімнің тату түркі әлемін құру идеяларын іске асыруымыз керек. Ол – бүкіл түркі әлемі мойындайтын, ұстанатын және түсінетін ұлы және білімді тұлға».

Жазушы Абайды түркі әлемі тұтасығының жанашыры тұрғысында бағалай отырып, Абайдың идеялды тұлғасын түркі әлеміне кеңінен танытудың маңызына айрықша тоқталады. Абай Құнанбайұлы Түркияда насихаттау мақсатында 2020 жылы Еуразия Жазушылар одағы түрлі іс-шара өткізуді жоспарлаған, солардың бірі ретінде Абай туралы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері жинақталған кітап шығарылады. Екі жыл бойы әзірленген бұл туындыға Түркия ғалымдарының Абай туралы жазған түрлі мақалаларымен қатар, Қазақстан зерттеушілері еңбектерінің түрікше нұсқасы да енеді. Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған бұл ерекше кітап түркі әлемі үшін маңызды қызмет атқаратын Халықаралық Түрік академиясы мен Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ынтымақтастығы

нәтижесінде оқырманға ұсынылады. Сондай-ақ Түркия университеттерінде Абайды таныстыру рәсімі өтеді. Сонымен қатар Түркі әлемінің бірлескен әдеби журналы «Kardeş kalemler» Абайдың 175 жылдығына орай арнайы нөмір дайындайды.

«Түрік халқы Абай туралы біле отырып, – деп ағынан жарылады жазушы, – ұлы ойшылды да, оны туған қазақ халқын да ерекше сүйеді және құрметтейді».

Президент мақаласының «Торқалы тойдың тағалымы» деген бөлімінде Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылатыны айтылған. Маңызды жобаның бірі – ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, италиян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Әдебиет пен өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Президент Қ.Тоқаев мақаласының қорытындысында әр азаматқа елдігіміз жөнінде терең ойлануына баса назар аударып, төмендегідей қабырғалы сауалдарды көлденең тартады: Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйренсе алдық па? Абай қазақтың қай ісінен күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па?

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын аяқ айтқанын істесең, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Ұлы Абай «Қара сөзінде» қазақты XX ғасырға дайындады, тұтас ұлт болып ұйысуға шақырды.

Қазіргі қазақ Абайдың ақылын алып, айтқанын істеп жүр ме? Данышпан Абай халқына жол сілтеді. «Қазаққа бірлік керек, бірлік болғанда – ақылға бірлік керек» деді.

«Нағыз ақылға бірлік жасайтын заман туды, – деп жазады танымал публицист, Парламент Сенатының депутаты Нұрәтә Жүсіп. – Қазақтың ақылды жастары бас біріктіруі тиіс. Қайткен күнде қазаққа алға сүйрейміз, қандай жағдайда қазақтың байлығына өзіміз ие боламыз, қалай жасасақ өз ішіміздегі және сырттағы жемқорларға жем болмаймыз, қайтсек қазақтың қара баласының күні туады, ұлт игілігі үшін не істесең болады, деп ақылға бірлік жасаудың амалына көшу керек.

«Бірлік – ақылға бірлік» деген Абай неткен көреген!

Ендеше, Абайдың тілін неге алмаймыз?!

Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын туған халқына жөн сілтеген, ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, қазақтың, халқының төрге жетелеуді мақсат тұтқан, өз ұлтын сүюдің өнегесін көрсеткен ұлы ойшыл, кемелгер хакім Абай тағалымы мәнін жоймайды, оның өсиет-мұралары халықты адастырмайтын шоқжұлдызға айнала береді.

Сейдулла САДЫҚОВ,  
Филология ғылымдарының докторы,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің профессоры





## ЯСАУИ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Жер бетінде өмір сүріп жатқан әрбір халық өз тарихында маңызды кезеңдерді басынан кешіреді. Халықтың сол кезеңдерден өтуі барысында болашақ даму бағдарын анықтап беретін ерекше тұлғалары бар десек, Қожа Ахмет Ясауи тұтас түркі жұртының тағдырына әсер еткен сондай ұлылардың бірегейі. Түркілер, тұтас Еуразия құрлығындағы тарихи процестердің катализаторлары ретінде орасан зор күшке ие еді. Алайда олардың діни ұстанымдары өртүрлі болатын. Өз заманында Шыңғыс хан мәдениеттің, тілдің, салт-дәстүрдің ұқсастығы негізінде түркілерді бір тудың астына біріктіре алды. Дегенмен, ұлы қаған дүние салысымен оның иелігіндегі жерлер түрлі саяси ойындар алаңына айналды.

Қожа Ахмет Ясауи осынау түлкі-бұлақ тарихи дәуірде түркі баласының ислам дінінің аясында қайтадан бірігуіне өлшеусіз еңбек сіңіріп, сонымен қатар, сол уақыттағы мұсылман елдеріндегі саяси күштердің текетіресі нәтижесінде пайда болған түрлі исламдық ағымдарға ұрындан сақтап қалды.

Дін адам баласының жаратылысындағы ерекше сенім. Ол психология, социология тіпті экологияда да маңызды орынға ие. Дін арқылы адам не үшін өмір сүретінін, өзінің қайдан келгендігі, қайда баратыны жайлы сұрақтарына толықтай жауап таба алады.

Түркі тайпалары үшін дін аса маңызды қоғамдық институт болатын. Олар тәңіршілдік, буддизм, зороастризм, манихизм, шаманизм және несториан сияқты түрлі діндерді ұстанатын. Түркі тайпалары осы аталған діндерді ұстанып қала бергенде келе-келе бірнеше бөлікке бөлініп кетулері бек мүмкін еді. Алайда, жоғарыда келтіріп өткеніміздей, түркі баласының бағына қарай тарихи сахнаға Ахмет Ясауи сынды ұлы тұлға шығып, түркі тайпаларын бір дін астына бірігуіне күш салады, және де, шынайы мұсылмандық тек діни ережелер мен ғұрыптық жон-жоралғыларды орындаудан тұрмайтын, мұсылмандық мейірімділік, кешірімділік, адамгершілік, діни төзімділік, бауырмалдық, сүйіспеншілікпен өлшенетінін ұқтырды.

Ислам дінін дәл осылай түсінген түркілердің арасынан көптеген ислам ғұламасы шықты. Халық ислам дінін тек мойындап қана қоймай, оған қызмет етті, ислам өркениетінің дамуына атсалысты. Ислам діні олар үшін дүниені, әлемді танудың кіліті мен қоғамдық, отбасылық,

туысқандық қарым-қатынастарды реттейтін құрал болды.

Түркілер Қарахан, Бұлғар, Селжүк, Мәмлүк, Моғол, Ғазнауи, Осман, Алтын Орда, Мәуреннаһр сияқты үлкен мұсылман мемлекеттерін құра билді. Аталған мемлекеттердің арқасында ислам діні әлемдік дәрежеге көтерілді, мешіттер салынды, медреселер ашылды, ислам-түркілік стиліндегі сәулет өнері, жазуы дамыды. Сол мемлекеттерде көптеген атақты ғалым, оқымысты, сопы оқып жетілді. Олардың әдеби, мәдени, діни, ғылыми, фәлсәфи еңбектері көпшілік қауымға ұсынылды. Осылайша, түркі халықтары әлем өркениетіне өз үлестерін қосты.

Түркі халықтарының исламды қабылдау барысында көшпелі мәдениет пен исламдық элементтер ұштастырылып, нәтижесінде түркі-ислам мәдениеті дүниеге келді (сәулет өнері, жазу, музыка, киім үлгілер, т.б.). Бұл мәдениеттің қайнар бастауы Қожа Ахмет Ясауи салған ясауилік жолында болатын. Ясауидің ерекшелігі ол – исламның бес парызын ғана негізге алған болатын, түркілердің дәстүрі мен салты қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін ұстаным болып қала берді. Тек шариятқа қайшы келетін жағы ғана өзгеріске ұшырады, немесе біртіндеп қолданыстан шықты.

Дінмен қоса далаға жаңа білім мен жазу-сызу да келді. Ортағасырлық оқымыстылар мен білімділер арасында сол кездері өз ой-пікірлерін араб, парсы тілдерінде жазу, жеткізу ғылымдары белең алған-ды. Бұл терең ойлы оқымыстыларды бейжай қалдырмады. Сондықтан, Жүсіп Баласағұн алғашқылардың бірі болып, өзінің «Құтты білік» жырын ана тілінде жазып шықты. Алайда бұл еңбек сарайдағы билеуші тапқа

қарата айтылған философиялық туынды болғандықтан ел арасына аса көп тарап, тіл мәртебесінің көтерілуіне әсер ете алмады. Тек Ясауидің түркі тілінде жазған хикметтері ғана ауыздан-ауызға тарап ел арасына кең жайылды. Ұстазының соңынан ерген қалың шәкірті де осы дәстүрлі жалғап, өз ана тілдерінде жырларын жазып түркі тілінің тамырына қан жүгіртіп, мәртебесін көтерді.

Парыз болған құлшылықтарды орындау барысында қолданылатын тіл араб тілі болғанымен, жаратушыға жалбарыну, дұға жасауды өз тілінде де жасауға болады. Бұл, жаттанды арабша не парсыша дұғадан әлдеқайда шынайы болып шығады. Өйткені дұға, өтініш адамның ең таңдаулы тілектері мен қалауларын қиыла сұрайтын, адамды тақпапарлығынан түсіретін тәрбие құралы десек артық етпес. Міне осы әрекет ана тілде яғни, түркі тілінде жасалды.

Пайғамбарымыздың «Ғибадат – мүминнің миғражы» – яғни, құлдың Алласымен қауыштыратын тұрағы деп түсіндірген бір хадисін келесі – «Дұға – ғибадаттың жүрегі» деген хадисі керемет толықтырады. Дұғаны мағынасын білетін сөздермен, түсінетін тілмен сөйлеп жасағанның маңызы зор. Сондықтан Құл Қожа Ахмет араб, парсы тілдерін жетік меңгерсе де шәкірттеріне білімді ана тілінде сусындатты. Бірінші болып түркі тілінде хикметтер жазды. Ал оның хикметтері тұтас жырланған дұғалардан тұрады. Осылай түркі халықтарының көңіл көзін ашуға, Алласымен ана тілінде қауышуға алғаш себепкер болды.

Міскін әлсіз Қожа Ахмет, жеті атаңа рахмет,

Парсы тілін білсем де құп көремін түркіні.

Ясылық Ахметтің алғаш түркі тілінде дәріс беруі, хикметтер жырлауы арабша-парсыша түсінбейтін түркі халықтары үшін дер кезінде туған қажеттілік болды. Себебі ортағасырлық ғалымдар мен білімділер арабша-парсыша сөйлеген, жоғарыда баяндалғандай, еңбектерін араб-парсы тілдерінде жазған. Тіпті Ясауидің заманында немесе, одан сәл-ақ бұрын түркілер құрған Селжүк империясының мемлекеттік тілі де парсы тілі болды. Бұл мемлекеттегі парсы тілінің ықпалы соншалық

– сұлтандардың есімдері де парсыша болған. Селжүк сұлтандары – Алыпсарлан мен оның ұлы Мәлік-шахтың уәзірі – Низам үл-Мүлктің ұлты парсы болатын. Ол өз атымен аталатын Низамия медресесін ашқан. Бұл медресе сол замандағы қазіргі университет тәрізді білім беретін білім ошағы болған. Осы медресе халықтың көзін ашатын оқу-ағарту қызметін парсы тілінде жүргізді.

Низамия медресесінде жетілген ұлы ғұламалар еңбектерін парсы тілінде жазған, пікірлерін парсы тілінде айтқан. Осы империяға қарайтын өлкелердегі мешіт-медреселердің оқыту тілі, хан сарайында қолданылатын тіл, ақын-жыраулар мен дәруіштердің тілі парсы тілі болған. Осы себепті заманындағы ғұламалар мен дәруіштерді сынап Ахмет Ясауи хикметтерінде былай дейді:

Қоштамайды ғалымдар сіздер айтқан түркіні,

Білгендерден естісең ашар көңіл мүлкіні (қазына).

Аят, Хадис мағынасы түркі болса муафик (жақсы)

Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөрігін.

Қала берді, Ясауи бабамыздың: «Менің мұсылман болуым таңдауым болса, түркі болуым тағдырым» деп айтқан болатын. Түбі Өзіреті Өліден тараған ұрпақ бола тұра түркінің тілі, рухы үшін тынбай еңбектенген ғұлама бабамыздың осы проблемадан туындаған келесі айтқан сөзі – «Біздің өзбектердің қабығын бір аршып қойсаң ағарып жата береді, ал тәжіктер пияз сияқты, қазір аршысаң артыңша қызарып тағы қабығы шығып тұра береді» дегені болатын. «Өзбектер» деп бұл жерде қазіргі өзбектерді айтып тұрмағанын, Өзбек ханға тиесілі Алтын Ордамын халқын мензеп тұрғанын түсінуіміз керек.

Түркі баласының тарихын шартты түрде исламға дейін және исламнан кейінгі тарихы деп екіге бөліп қарастыратын болсақ, исламнан кейінгі тарихында Ясауиден асқан биік тұлғаны көру қиын-ақ. Сондықтан да бүгінгі таңда халқымыз үшін ұлы бабамыздың ілімін зерттеу, оқып түсіну және насихаттаудың маңызы зор.

**Данияр САИДБАКАСОВ,**  
экскурсовод

### 27-ХИКМЕТ

## ЗІКІРШІНІҢ ҚАБІРДЕГІ ХАЛІ

Келің, достар, сал зікірді – Хаққа мадақ,  
Хақ зікірі жүрек көзін ашар, достар.  
Истиғфарды тынбай айтып тап қанағат,  
Шайтан-лағын тән мүлкінен қашар, достар.

Шайтан-лағын – жаудың кетсін мұрдем анты,  
Күндіз – Алла, түнде Алла деп шырла, балқы.  
Тар лаһатқа кірер сәтте нұрға малты,  
Періштелер Алла нұрын ашар, достар.

Алла нұры қабір ішін жарық қылар,  
Періштелер шырақтарын жағып тұрар.  
Момын пенде оны көріп зарық қылар,  
Пәни-жалған жарығынан қашар, достар.

Дәреже боп Құдай үшін аққан жасың,  
Барша рухтар жиылып кеп шаттанғасын,  
Дұға қылып, – Алласына аттанғасын,  
Жүмілә аруақ сүйіп бір-бір құшар, достар.

Жеті қадам қабіріңнен кетпей халық,  
Мүңкір-Нәңкір кіріп келер оқтай қарып.  
Лаулап тұрған екі көзі оттай жанып,  
Нұрды көріп тағзым етіп қашар, достар.

Мүңкір-Нәңкір жауап алмай қашып беріп,  
Еңірейді көздің жасын шашып-тегіп,  
Хақ зікірін айтқан жанға ғашық болып,  
Қанат қағып көкке қарай ұшар, достар.

Өуез келер Хақтан: неге жыладың? – деп,  
Қабірдегі ұлымнан не сұрадың? – деп;  
Ей, бейдеп, ұқты немі құлағың? – деп,  
Мүңкір-Нәңкір онды-солды қашар, достар.

Әр демінде зікір қылды ол – қанбай нұрға,  
Қылам азат, – кепілдік хат жолдаймын да,  
Берем күллі игілікті ондай құлға! –  
Барлық қылған күнеларын кешер, достар.

Күнеларын Хақ кешіріп назар бұрар,  
Шүкір қылар жатқан барлық ажалдылар.  
Аруақ біткен кірлерінен тазарды бар,  
Қабірстанға Хақ рахметін шашар, достар.

«Әлһамдулилла, оннан келді.  
О, Жаратқан! –  
Біз құтылдық қабірдегі бар азаптан.  
Біз – тірілдік! –  
Өлік едік нала – батпан. –  
Дұға қылып Хаққа қолын жаяр, достар.

Мүңкір-Нәңкір жылар сонда:  
Бар жарықтың  
«Иеси – Сен!» –  
Жасын көрдің сан гәріптін.  
«Лұғыф етсен»\*, – талайсызға бақ дарыттың,  
Сәжде қылып шәкір тілін ашар, достар.

«Лә иләһә иллә Аллаға» ғашық-құрбан  
Дидар үшін дүние-боқты шашып тынған,  
Ақыреттің шын саудасын кәсіп қылған  
Хауыз-Кәусар сусынынан ішер, достар.

Ақыретте жазмыш болса Хақ жамалы,  
Жүз мың шайтан жаулық қылса жоқ зауалы.  
Әр қадамда артық болар «қал» уа «хәлі»,  
Даналықпен Хақ жолдарын ашар, достар.

Махаббаттың майданында сөнген-жанған,  
Хақиқаттың дариясынан терген маржан,  
Мағрифаттың дүкенінде зергер болған  
Қимылдаса – дүр мен гауһар шашар, достар.

Ғашық деп біл – Хаққа жанын қылса құрбан,  
Шар зарыб ұрып, сахарларда тұрса жылдам,  
Жәрдем келіп ередерден нұр сағынған,  
Сұлтан болып, дүр базарын ашар, достар.

Мұнда тұрмас Хақтың ісі баураған жан,  
Қазіретсіп, араласпа дауға жалған.  
Пақырлықтан ләззат ап, тәубе қонған  
Ғәріп болып ұлы сусын ішер, достар.

Құл Қожа Ахмет, махаббаттың отын жақшы,  
Нәпсі – пәле! –  
Жер-көкті жеп сапырмақшы.  
Топырақ боп жатса да өлмес – кәпір-нәпсі,  
Нәпсісі өлген нұр мен ғылман құшар, достар.

### КЕСЕНЕДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАР

## ДҮЙСЕН БИ

Көкшетау өңірінде ғана емес, Арқа төскейінде шешендігімен, саятшылығымен ел ілтипатына бөленген Арғын Қарауыл Жаулыбайтегі Дүйсен би – XVII-XVIII ғасырлардың тоғысында өмір сүрген айтулы тұлға. Халқымыздың аузы дуалы данағөйі Қаз дауысты Қазыбек биден тәлім-тәрбие алып, ел ішінде билікке ерте араласқан Дүйсен би атадан балаға мирас болған саятшылық салт-дәстүрімді де қалдырған кәсіпкерлердің жарқын үлесін көрсете білді. Әйгілі «Алабас» бүркітімен әбжыланды алғаны туралы аңызды бүгінгі күні Көкше өңірінің еңбектеген баласынан самалын қырау шалған қариясына дейін жыр қылып айтады. Жасынан саятшылыққа үйір Дүйсен

әлсін-әлсін аң аулауға шығып жүреді екен.

Дүйсенге жастайынан жаққан шаруа, Жүруші ед, көңілі ауып саят жаққа. Қай жерде, қандай аңшы бар десеңіз, Айтушы ед тоқталмастан толқып қана.

Бұл Үкілі Ыбырайдың Дүйсеннің жан серігіне айналған бүркітіне арнап жазған «Алабас» поэмасынан үзінді.

Дүйсеннің елге танылуына Қаз дауысты Қазыбек бидің Жанбике қызына үйленуінің үлкен әсері болды. Бірінші әйелі Құндыздан Қойайдар ғана туады. Жанбике көп жыл құрсақ көтермей, Түркістанға келіп Өзірет Сұлтаннан басына түнейді. Осы сапардан елге оралғандан



кейін, аруақ жебеп тоғыз бала көтеріпті. Тұңғыш баласы Бекше, сосын Ақшабай,

Бабас, Тоқсанбай, Сексенбай, Кенжебай, Үркінші туса керек.

Белгілі жұлдыз жорамалшы Қожамсейітов Назарбектің пайымдауы бойынша: «Абылай Дүйсен бидің бір қыста 60 қасқырға түскен қыран бүркітіне қолқа салады. Ханға қарсы тұрар шама жоқ, бүркітті бір баласымен Көкшетауға беріп жібереді. Риза болған Абылай хан «Не сұрайды екен», – дейді. Сонда баласы: «Әкем ештеңе де сұрамайды, тек сіздің маңайыңызда болғысы келеді», – дегені. Осыдан соң Абылай қасынан жер бөліп, көшіріп алған көрінеді. Бұл Дүйсен әулетінің Көкшетау өңірінің жері шұрайлы, табиғаты әсем Қошқарбай тауының маңына қалай қоныстанғандығы жайлы ел арасында айтылып жүрген әңгіменің бір парасы ғана.

Қылы заманда өмір сүрген Дүйсен би – елін қорғауға, бірлігін сақтауға,

салт-дәстүрді дамытуға үлкен әсер еткен елеулі тұлға. Ол екі қызының біреуін Абылай ханға беріпті. Қанай бимен қатарлас жүріп жеті момынның руларын бірге ұстауға тырысқан. Бөгенбай батырмен шамалас болғасын шашақты найзадан гөрі ойлы, зерделі сөзімен данқы шыққан. Дүйсен Жаулыбай Қарауылдың Есенберді деген ұлынан туады, жаугершілік заманда қалмақтармен жер үшін қырықсып жүрген бір жорықта әкесі қыршып кетіп, ағасы Майлының қамқор қанатының астында өседі. Елге аңыз болған Дүйсен би Ерейментау елінде қайтыс болып, сүйегін Түркістанға баласы Бекше әкеліпті. Халқымыздың кеменгер, адал пәрзенттерінің бірі Дүйсен би өз өсиеті бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне осылай жерленген.

**Ардақ БЕЙСЕНОВА,**  
экскурсовод



## ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Қазіргі кезде жаһандану үрдісіне өртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Батыстың Алмонд, Истон сияқты ғалымдары жаһанданудың тиімді әрі жақсы жақтарын ғана суреттейді. Олар бұл қоғамның, жалпы, әлемнің динамикалық және прогрессивті дамуы деп түсіндіреді.

Оған Ресейдің бірқатар ғалымы жаһандануды батыстың пайғалының күн санап жүзеге асып жатқандығының көрінісі деп баяндайды. Яғни, орыстың Пугачев, Панарин, Ильин тәрізді ғалымдардың айтуынша, жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтар жойылып, олардың орнын әлемге ортақ құндылықтар басады. Бұл ғалымдардың да айтып отырғаны өзінше дұрыс шығар. Бірақ сыңаржақ пікірдің жетегінде кетуге әсте болмайды. Рас, әлемде мойындалған жаһанданудың басты принципі – қоғамның өртүрлі саласында әлемдік ортақ құндылықтар қалыптасу керек деген қағидадан тұрады. Абай атамыз «Жетінші қара сөзінде»: «Жас бала анадан алғаш туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жаңға қонақүй бола алмайды хәм өзі өсейді, қуат таппайды» деп тән құмарын айшықтайды. Жаһандану аясындағы батыс қоғамы осы тән құмарына қатты көңіл бөледі. Қазіргі батыс футурологтары, мәселен, Френсис Фукуяма былай дейді: «Осы заманғы ғылымның дамуы барлық қоғамға бірдей әсер етті. Оның екі себебі бар. Біріншіден, техника – оған иелік етіп отырған елдерге белгілі бір дәрежеде әскери артықшылықтар береді. Ал халықаралық қатынастарда кез келген уақытта болуы мүмкін соғысты ескерген, өзінің тәуелсіздігін бағалайтын әрбір мемлекет қорғанысын жетілдіру қажеттігін ескермеуі мүмкін емес. Екіншіден, қазіргі заман ғылымы – экономикалық өнімділіктің өсіміне бірдей кеңестік жасап береді. Техника – шексіз байлық жиюға, адамның үнемі, тоқтаусыз өсіп отыратын қалауларын қанағаттандыруға жол ашады». «Құлды құл десе, өлгісі келеді, биді құл десе, күлкісі келеді» дегендей, нәпсінің қажетіне керектің бәрін беріп отырған батыстық «технократтық қоғам» канша зайырланса да, әлеуметтік деңгейде әділетті демократияға бет бұрса да, ку құлқының құлдығы нәпсінің мақсұтынан алдыға жылжып шығар емес. «Демократия», «Еркіндік», «Либералды-Экономика» және т.б. институттардың барлығы да сөз жүзінде ғана дұрыс. Ал бірақ ішкі мағынасында, мазмұнында жеке бастың үстемдігін мойындап, соған қызмет қылуына қатынастарды реттейді. Олардың айтуынша, адам бойында екі түрлі ұмтылыс бар: тән қажеті және жан қажеті, сырттай қарағанда, Абайдан алшақ кеткен жері жоқ сияқты. Бірақ бұлар жан қажеті ретінде бүкіл ерік-жігерді басқалардан артық болуға, өзгеше болуға, үстем болуға жұмсауды айтады. Адамның хайуаннан негізгі ерекшелігі осы деп есептейді. Ешбір хайуан тән қажеттерін өтеп болған соң, енді абырой іздейін, атақ, мансап іздейін, біреу мені мақтасын, дәрежеміді көтерсін деп ұмтылмайды. Дегенмен, олар адамдағы жан қажеті осы деп түсіндіреді. Шындығында, Абайдың түсінігіндегі жан құмары бұл емес. Бұл жерде айтылған мақтан-мансапқа ұмтылу – керісінше, адамды адамдықтан айыратын нәпсәуі қажеттіліктер. Адамды құлдыққа (нәпсінің құлдығына) душар ететін ең күшті зор қуат – осы. Абай айтатын тән қажеті мен жан қажетін айқын ажыратып алмай тұрып, еркіндік туралы айтудың өзі қиын. Яғни, құлдықтың басы – білімсіздік, надандық, ал құлдық сананың өзі осы тән қажеті мен жан қажетін айыра алмаудан шығады.

Мен Қазақ елін жаһандық қауіп-қатердің ықпалынан қорғаудың 2 жолын ұсынамын:

1. Отбасы институтын азаматтық қоғамға сай ұлттық негізде реформалау;
2. Рухани-ағартушылық идеологиялық саясатты қарқынды жүргізу;

Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Осылардың бәрі атадан-балаға жазылмаған заң ретінде халық педагогикасы құралдары арқылы өңделіп, толықтырылып беріліп отырған. Біздің пайымдауымызша: моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз моральдық сана тәжірибесіне ендірілген, адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс тапқан моральдық ережелер мен нормалар. Тарихи кезеңдердің жаңа дәуірі туғанымен ешқашан құнын жоймайтын моральдық-этикалық категорияларға: ар, ұят, намыс, ұждан, абырой, борыш, т.б. жатады. Оған қазақ халқының «Ақылды болсаң, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі», «Өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді» т.б. деген мақал-мәтелдері толықтай дәлел бола алады. Қазақ халқы ар-ождан, абыройды қатты қастерлеген, оны адамгершіліктің туы етіп көкке көтерген, сондықтан жастарға бата бергенде «Абыройлы бол!»; «Алла абыройымыздан айырма» – деп тілек білдіріп отырған. Ал намыс – адамның ішкі сезімі, абыройды қорғайтын құралы. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті сезім. Ол адамды жаман әрекеттерден сақтайтын таза ұлы қасиет. Ата-ана парызы – өтелмейтін парыз. Соның ішінде ананың орны ерекше. «Ана сүтін оны Меккеге үш рет арқаулап апарсаң да өтей алмайсың», деп халқымыз бекер айтпаған. Халықтық тәлім-тәрбиеде әкенің де орны ерекше құрметті. Аналарының балаларына «әкен біледі», «әкеннен ақылдас», «әкеннен бұрын асқа отырма» деп барлық нәрсені әкесінің нұсқауымен істеуге үйретуі әкенің қазақ отбасындағы орнын көрсетеді. Мұның бәрі қазақ халқының ұрпағы тәрбиесіне үлкен мән бергенін дәлелдейді.

Жаһандану – қауіпті құбылыс. Ол жолдан ұлтты құтқару, аман алып қалу менің ойымша, жаһандануға қарсы тұруда емес, жаһандануды пайдалануда болмақ сияқты. Көне дүние кеменгері, қытай данышпаны Конфуций: «Жел тұрғанда ақымақ адам пана болатын жерді іздейді, ал ізгі, парасатты адам желді пайдаланып жел дірменін тұрғызады» деген екен. Демек, біз жаһандануда ең бірінші ұлтымсызды паш ететін мәдени құндылықтарымызды, ерекшеліктерімізді жаһандануға бейімдеп, ұлттың санасына сіңдіруіміз қажет деп есептеймін.

### Ерқожа АБДУАХИТОВ,

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының магистрі

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ақпан айында дүниеге келген әріптестерімізге зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріне шығармашылық табыс тілейміз!

1. К.Жолдасова 03.02.1963 ж
2. Е.Муташев 04.02.1984 ж
3. Г.Айдарбекова 05.02.1969 ж
4. С.Байболов 15.02.1979 ж
5. Ж.Әбсадық 15.02.1976 ж
6. Ш.Халтаев 28.02.1970 ж



«Әзірет Сұлтан»  
қорық-музейінің ұжымы

### ХАБАРЛАМА

Қаңтар айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 3546427 теңге түсті. Осы сомадан:

- Банк қызметіне – 10 842,85
- Шаруашылық жұмыстарына – 190 000
- Іс-шараларға – 855878
- Жалпы жұмсалғаны – 1056720,85
- Ақпан айына жұмсалғаны жоспарланғаны – 2 489706,15

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі


### ҚОЛТАҢБА

## ҚАЗАҚ ПЕН САХАНЫҢ ТЕЛҚОҒЫРЫ



Тұрсыннай Оразбайқызы Оразбаева (19.02.1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ – 21.05.2015, Мәскеу) – ақын.

Еңбек жолын Шымкенттегі Ж.Шанин атындағы облыстық қазақ драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып бастаған ол 1970-1980 ж.ж. облыстық радио комитетінде және облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында әдеби қызметкер болып істеген. 1978 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірген. 1980 жылдан бері Қазақ радиосының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор болып істеді. 1989-1991 ж.ж. Мәскеуде Жоғары әдебиет курсына оқыған. 1997 жылдан Мәскеудегі Халықаралық Жазушылар одағының қауымдастығында қазақ әдебиеті бойынша



кеңесші болды. Оның шығармашылығы лайықты марапаттарды иеленді.

Жас жазушылардың Бүкілодақтық VIII фестиваліне (1975) қатысқан. Облыстық және Алматыда өткен II республикалық ақындар айтысында (1980) жүлделі орыннан көріне білді. А.Фадеев атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (2008). Саха-Якутия Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған. «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» мерекелік медалінің иегері. Тұрсыннай Оразбаева ақын асуы алдағы шағында мезгілсіз көз жұмды. Әсем лирикалық әндері, өлеңдер көпшілік жадында қалды.

Дайындаған – Дина ӘДІЛБАЕВА

### СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

## МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ МАЙЖУАЗ

Түркістан өңірі көптеген ғасыр бойы ауыл шаруашылығы, сауда, қолөнер өркендеген саяси-экономикалық және мәдени даму орталығы болған. Түркістан қаласының маңындағы Иқан, Қарашық, Қарнақ, т.б. қоныстар жер өңдеу жақсы дамыған, өжелден белгілі жерлер.



«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің қоры мен экспозициясындағы майжуаз, арба, ши, келі-келсап, ағаш астаулар, табақ, ожау, қасықтар, керамикалық ыдыстар секілді заттар, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жергілікті жерде дамып, қолданылған кәсіпшілік түрлерінің өрістегенін бейнелейді.

1819-1864 жылдар аралығында Түркістан Қоқан хандығының құрамында болды. Ол кезде жергілікті халықтың тұрмысқа қажетті заттарын өндіретін, өндіретін кәсіпшілікті өркендеткені белгілі. 1864 жылдан бастап Түркістан патшалық Ресейдің құрамында болып, 1872 жылы уездік қала ретінде үлкейе түседі. XIX ғ. 60 жылдары қалада 20 кварталдық мешіт, 22 су дйрмені, 21 тері зауыты болса, 1912 жылғы дерек бойынша өндірістік және сауда мекемелерінің санында 4 мақта тазарту, 10 май өндіру, 8 сабын кайнату, 15 су дйрмені болған. Бұл жерде 1912 жылы жұмыс істеген май өндіру зауыттары мақта тазарту зауыттарының шикізаттарының, яғни мақта шиттерінің негізінде жұмыс істеп, май өндірген болуы керек. Патшалық Ресей кезеңінде ірі өндірістер салуға мүдделі емес еді және әр түрлі ауыл-шаруашылық өнімдерін алғашқы өңдеу өндірістері ғана ашылғаны белгілі. Оның бірі – мақта егу болса, оның қалдығынан май өндіру өндірісінің дамуына алып келген. Ал жергілікті жерде көптеген ғасыр бойы май алып келе жатқан жергілікті майжуаз аспабын пайдаланған май өндірістері болды.

Музей қорында сақталып, келушілерге экспозицияда көрсетіліп отырған жуаз бөлшегі осы өндірістің заттай бір көрінісі бейнелейді. Жуаз бөлшегін жасаған шебер көбіне ағаштарды құрсаулау арқылы жұмыс істеген. Музей экспозициясында тұрған жуаздың жеті ағаш бөлшегі көрсетілген. Екі

1. Жуаз құндағы немесе май келі.
2. Ағаш піспек.
3. Екі ойықты жылжымалы екі ағаш жастықша.
4. Ағаш шеңбер-белбеу – ол жастықшаның қозғалуына кедергі жасамай піспекті ұстап тұрады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жер өңдеушілері май өнімін беретін күнжұт, зығыр, кенеп, қауын, т.б. өнім түрлерін екен. Түркістан өңірінде кендір, зығыр, махсардан жақсы өнім алынып отырған. Алынған майды жергілікті халық тек тамаққа ғана емес баспананы жарықтандыруда да кең қолданды. Май алуда пайдаланған күнжұт, зығыр, кендір өсімдіктерінің маңызы үлкен болды. Ел зығыр, кендір өсімдіктерінен тек май алып қана қоймай, арқан жіптерін дайындап, кенеп мата жасаған. Түркістан өңірінде май алу үшін көбіне қауынның дәнін пайдаланған және ол жуазда ешбір қоспасыз өңделді. Кей жағдайда қауынның дәнін күнжіттің дәнімен араластыра отырып май алатын болған. Орта Азияда мақта шектеулі көлемде, тек отбасы сұранысына негізделіп егілді және ең кең тараған мақта түрі кара шитті мақта болды. Түркістан өңірінде Қарашық, Қарнақ т.б. ауылдарында жуазды кең пайдаланғаны белгілі. Жергілікті тұрғындардың айтуынша әрбір үйде жуаз болған, оны әрбір отбасы өздеріне қажетті май алу үшін қолданып, ал өз қажетінен артылған май өнімдерін сатып отырған. Түркістан өңірінде егілген өнім ішінде май алу үшін ең көп қолданылған бақша өнімі қауын болды. Жергілікті жерде қауынның май алу үшін «қауынның шопағы» деп атайды. Жуаздың көмегімен жергілікті жерде көбіне қауынның дәннің майы алынып отырды. Ертеден-ақ қазактар қауынды кептіріп қауын қақ, қайнатып қауын құрт, қауын шек жасағаны белгілі. Түркістан тұрғындарының қауын өнімін жасаған қағы, шегі мен құртын талқанын қазіргі күні де ел кең пайдаланады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Түркістандағы май шайқау өндірісінің дамуы ертеден келе жатқан, жергілікті егіншілікпен айналысқан елдің алған өніміне негізделді. Музей қоры мен экспозициясындағы майжуаз, келі мен келсап, ағаш ыдыс-аяқтар, табақтар, ағаш астаулар, қоқан арба түрлері ағаш өңдеу кәсібінің заттай дерегі болумен қатар елдің рухани және материалдық мәдениетін көрсетер жәдігерлер. Майжуаз аспабымен май шайқаса, келімен бидай, жүгері өнімдерін түйіп өндген. Ағаштан жасалған ыдыс-табақтар сол кезеңде ғана кең қолданыста болған, ал қазір оларды тек музейден ғана көруге болады.

Әсем ОРЫНБЕКОВА, экскурсовод



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан»  
мемлекеттік тарихи-  
мәдени қорық-  
муражайы

Бас редактор  
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы  
Талғат ОРАЗОВ

Беттеуші-дизайнер  
Мұстафа АЛПАСҰЛЫ

Фототілші  
Алдияр ТЛЕУБАЕВ

Редакцияның  
мекенжайы:

Түркістан қаласы,  
Тәуке хан даңғылы,  
282 «А» үйі  
e-mail:  
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:  
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінде  
2016 жылғы  
21 қыркүйекте тіркеліп,  
№16154-Г куәлігі берілген

Газет айына  
1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ –  
1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
Шымкент қаласы,  
Т.Әлімқұлов көшесі,  
22 үй.

Кезекші редактор  
Дина ӘДІЛБАЕВА

Тапсырыс №320